



ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес айқындалған басым туристік аумақтарда туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұзақ мерзімді активтерді құру - кемінде 200 000 АЕК (1,7 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестициялармен;
2. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларында жаңа өндірістік объектілерді іске асыру - кемінде 1 000 000 АЕК (8,5 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестициялармен;
3. Жаңа өндірістерді құру, оның ішінде жаңа өндірістік объектілердің құрылысы - кемінде 2 000 000 АЕК (17 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестициялармен;
4. Қолданыстағы өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңғырту, негізгі құралдарды жаңарту мен өзгерту көзделген - кемінде 5 000 000 АЕК (42,7 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестициялармен;
5. Жаңа қонақ үйлерді салу, сондай-ақ қолданыстағы қонақ үйлерді кеңейту және (немесе) реконструкциялау - заңды тұлғаның кемінде 1 000 000 АЕК (8,5 млн АҚШ доллары) көлеміндегі инвестицияларын көздей отырып және келесі талаптарды бір мезгілде сақтаған жағдайда:
 - жобаны республикалық маңызы бар қалалар мен астанадан тыс аумақта іске асыру;
 - ұсынылатын қызметтердің халықаралық стандарттарға сәйкес «үш», «төрт» немесе «бес жұлдыз» санатына сәйкестігі;
 - кемінде он және одан да көп шет мемлекеттерде мыңнан астам қонақ үйі бар халықаралық қонақ үй желісімен франчайзинг (кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартының жасалуы.



Инвестициялық келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, келісім жасалған сәтте қолданыста болған инвестициялық преференцияларды ұсыну шарттары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ инвестициялық келісім жасасқан заңды тұлғалардың қарсы міндеттемелерін белгілейді. Инвестициялық келісім жасасқан заңды тұлғалар үшін қарсы міндеттемелер көзделмеген жағдайда, инвестициялық преференциялар ұсынылмайды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім инвестордың ұзақ мерзімді активтерді құруға, сатып алуға, өндіруге және салуға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерін көздейді. Келісім бойынша инвестициялардың ең төменгі көлемі өтінім берілген жылдың 1 қаңтарына белгіленген кемінде 75 000 000 АЕК (640,7 млн АҚШ доллары) мөлшерін құрайды. Инвестициялар келісім жасасуға өтінім берілген жылды қоса алғанда 8 жыл ішінде жүзеге асырылуы тиіс.



ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

Жеңілдетілген инвестициялық келісімшарт шеңберіндегі инвестициялық жоба Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін басым қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

